

Ыстық тамақпен қамту туралы есеп

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын, ыстық тамақты ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығының талаптарын басшылыққа ала отырып, мектеп директоры Е.К.Султановтың 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі №188 бұйрығына сай құрылған тамақтандырудың сапасына мониторинг жөніндегі комиссия мүшелері 01.09-30.09.2022ж. **қыркүйек** айының аралығында тамақтың беріліп жатырған сапасын, ішілуін қадағалады. Оқушылардың 159 ерекшелік бойынша 1-4 сыныптар бойынша 198 оқушыға және 163 ерекшелік бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан 89 оқушыға барлығы -287 оқушыға мектеп жанындағы асханадан тегін ыстық тамақ берілді. 01.09-18.09.2022ж.аралығында құны бір балаға есептелген 267 теңгенің азық-түлігі, 19.09-30.09.2022ж.аралығында құны бір балаға 457теңгенің тамағы жеке кәсіпкер М.А.Нұрмағанбетовамен бекітілген келісім шарт негізінде жеткізіліп беріліп отырды, тамақты кешіктіріп жеткізу фактілері болған жоқ. Бекітілген ас мәзіріндегі тамақ құрамдарынан оқушыларға ыстық тамақтар өзгеріссіз дайындалып беріліп отырды. Осы мониторингтік комиссияның тексеруі кезінде оқушылардан, ата-аналардан, сынып жетекшілерден тамақтың сапасы жөнінде арыз-шағымдар болған жоқ. Тамақтың жарамдылық сертификаттары бар.Мектеп асханасына оқушылардың кестеде көрсетілген реттілікпен келу тәртібі,оқушылардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың жауапкершіліктері де ережеге сай бақыланып отырды. Асхана қызметкерлерінің тазалықтары, маман киімінің болуы, асхана қызметкерлерінің тамақтану бөлмесіне өтпеуі, бөгде адамдардың оқушылар тамақтану кезінде болмауы қадағаланды. Мектеп медбибісі тамақтың құрамын үнемі тексеріп, әр күн сайын сынама алып отырды.Тамақтың сапасы,салмағы, ыссы-суықтығы,берілу тәртібі тексерілді. Күнделікті ас мәзірі қаралып,ас дайындау тәртібі бақыланды. Тамақ берілерден бұрын нанның, киселдің, еттің, сүттің, күріштің, құрғақ жемістен жасалған сусынның, тұшпараның, қанттың, салаттың, көкөніс салатының, шикі және піскеннен кейінгі немесе дайындалғанға дейінгі және дайындалғаннан кейінгі құрамы,сапалары тексеріліп иісі, қаттылығы мен жұмсақтығы, тығыздығы, дәмі қадағаланып отырды. Тамақтың әр балаға нормаға сай құйылып немесе дайындалған күйде беруінде өзгеріс болған жоқ. Осындай бақыланған жұмыстарды ескере келе, мектеп директорының 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі № 188 бұйрығына сай құрылған тамақтандырудың сапасына мониторинг жөніндегі комиссия **қыркүйек** айында берілген тамақтың сапасына оң баға берді

30.09.2022жыл.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Б.Утегенова

М.Хабдигалиев

Е.Тұрған

С.Бейшева

Г.Бисенова

Г.Унайшиева

С.Избасова

Бақылау,қадағалаулар барысында қатынасқан жеке кәсіпкер М.А.Нұрмағанбетованың өкілі,бас аспаз:

Г.Ахметова